АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
ЖЫЛЫОЙ АУДАНЫ
МӘДЕНИЕТ, ТІЛДЕРДІ
ДАМЫТУ, ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ
ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІ

АТЫРАУСКАЯ ОБЛАСТЬ
ЖЫЛЫОЙСКИЙ РАЙОН
ОТДЕЛ КУЛЬТУРЫ, РАЗВИТИЯ
ЯЗЫКОВ, ФИЗИЧЕСКОЙ
КУЛЬТУРЫ И СПОРТА

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

060100,Құлсары қаласы, Махамбет даңғылы,20
Тел: 8(71237) 7-90-24, 8(71237) 7-90-25

060010, г. Кульсары, пр. Махамбета, 20
Тел: 8(71237)7-90-24, 8(71237) 7-90-25

№27 **9 ақпан 2026 жыл**

**«Мемлекеттік сатып алуды
бір көзден алу тәсілімен
тікелей шарт жасасу арқылы
жүзеге асыру туралы»**

««Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес сатып алулардың жеделдігін, бәсекелестік сатып алу қорытындылары бойынша Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудың ұзақ мерзімдерін (шамамен 10 күнтізбелік күн), сондай-ақ сапалы қызметтер (біліктілік еңбек ресурстары) алу қажеттілігін ескере отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. **«ИП MIRAS AUTO» ЖК** әлеуетті өнім берушісінен жалпы сомасы 400000 (төрт жүз мың) теңге (оның ішінде ҚҚС 55172 теңге 41 тиын) **Hyundai Accent қызметтік автокөлігіне техникалық қызмет көрсету** бойынша (бұдан әрі - қызмет) Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру.

2. Мемлекеттік сатып алу туралы Заңнаманың талаптарына сәйкес көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу рәсімін бөлімнің инспектор-есепшісі Г.Ж Жұмағазиева жүзеге асырсын.

3. Бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Бөлім басшысы **А.Науаров**

Таныстым:_____ Г.Жұмағазиева

НЕГІЗДЕМЕ

Автокөлікке алуды ұйымдастырудың техникалық қызмет көрсету қызметін тікелей шарт жасасу тәсілімен сатып қажеттілігі төмендегі жағдайлармен түсіндіріледі:

1. Мекеме қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету қажеттілігі.

Балансымыздағы қызметтік автокөліктің **Hyundai Accent нөмірі 268 AV 06** ақаусыз жұмыс істеуі мемлекеттік функцияларды орындауға тікелей байланысты. Автокөлікке техникалық қызмет уақтылы ұйымдастырмау мекеме жұмысының тоқтауына әкелуі мүмкін.

2. Бәсекелестік сатып алу рәсімдерін қолданудың мүмкін еместігі.

Байқау немесе БҰС (бір көзден сатып алу емес) тәсілдерін қолдану айтарлықтай ұзақ уақытты талап етеді, бұл қызметтік автокөліктерде туындаған техникалық ақауларды жедел түрде жоюға мүмкіндік бермейді. Техникалық ақауларды уақытында жөндемеу олардың күрделенуіне, жөндеу шығындарының артуына және көліктің уақытша пайдаланудан шығарылуына әкелуі мүмкін.

Қызметтік автокөліктер мемлекеттік тапсырмаларды орындау барысында үздіксіз және тұрақты пайдаланылатындықтан, олардың істен шығуы жедел қызмет көрсетуді, тексеру және өзге де мемлекеттік функцияларды орындау процесін баяулатады немесе толық тоқтатуы ықтимал. Осыған байланысты бәсекелестік сатып алу рәсімдерін қолдану мемлекеттік тапсырмалардың уақтылы әрі сапалы орындалуына кері әсерін тигізеді.

3. «ИП "MIRAS AUTO» жеке кәсіпкерінің арнайы біліктілігі мен жедел қызмет көрсету қажеттілігі:

Автокөліктерге сапалы әрі қауіпсіз қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін аса маңызды. Әрбір автокөлік маркасының техникалық ерекшеліктерін ескере отырып, сол маркаға сәйкес кәсіби қызмет көрсететін жеткізушіні таңдау қажет.Сонымен қатар, ИП "MIRAS AUTO" Теңізшевройл (ТШО) компаниясымен жұмыс жасайды және олардың талаптары мен стандарттарына сәйкес автокөліктерге техникалық қызмет көрсету тәжірибесіне ие. Бұл кәсіпкердің өндірістік қауіпсіздік, сапа және жедел қызмет көрсету талаптарын жоғары деңгейде орындай алатынын көрсетеді.Біліктілігі төмен немесе тәжірибесі жеткіліксіз жеткізушіні таңдау автокөліктің техникалық жағдайының нашарлауына, қосымша ақаулардың пайда болуына және жөндеу шығындарының артуына әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, арнайы жабдықтар мен заманауи диагностикалық құралдарды қолдану ақауларды дәл анықтауға және оларды қысқа мерзімде жоюға мүмкіндік береді. Жедел әрі сапалы қызмет көрсету клиенттердің уақытын үнемдеп, автокөліктің үздіксіз әрі қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз етеді.

Осыған байланысты, ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3- тармағының 28-тармақшасына сәйкес, автокөлікке техникалық қызмет көрсету қызметін тікелей шарт жасасу тәсілімен сатып алу негізді болып табылады.

Бөлім басшысы: **А.Науаров**